



# Жалағаш



№90 (9873)

12 қараша, сенбі  
2022 жыл

Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

## Жаршысы

### Президент

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысты. Мемлекет басшысы іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып, қонақжайлық көрсеткені үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтып, Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық ету құқығын алып отырған бауырлас елдің бұл міндетті абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

### Бауырлас елдердің байланысы бекиді

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық рөлі артып жатқанын, Қазақстан түркі әлемінің Атажұрты ретінде ұйымға мүше барлық елмен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуға айрықша мән беретінін жеткізді. – Ықпалдастығымызды одан әрі нығайтуға және оны жаңа белеске көтеруге мүдделіміз. Түркі ынтымақтастығына ұйытқы болған ұйымдардың тарихын зерделесек, олардың көпшілігіне Қазақстан бастамашы болғанын көреміз. ТҰРКСОЙ, ТүркіТА және Түркі академиясы – соның айқын дәлелі. Бұл ұйымдар бауырлас елдердің мәдени-рухани жақындасуына өлшеусіз үлес қосып отыр. Өзара байланысты нығайту жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті орасан зор рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің бастамасымен қабылданған «Түркі әлемінің келешегі – 2040» құжатын іске асыру үшін бүгін Түркі мемлекеттері ұйымының стратегиясы қабылданатынын айтты. Сондай-ақ ол бұл құжат елдер арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге және тұрақтылық белдеуін нығайтуға ықпал етеді деп есептейді. Осы ретте ол өңірлік және жаһандық мәселелерді шешуге белсене атсалысып, қуатты күшке айналу керек деді. Президент геосаяси, геэкономикалық қайшылықтар салдарынан Еуразиядағы экономика және көлік-логистика жүйесі ыдырап жатқанын жасырмай, оны еңсеру үшін күш-жігерімізді біріктіру қажеттігін алға тартты.

Жыныда Мемлекет басшысы түркі тілдес елдердің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған бірқатар мәселеге назар аударды.

– Қазіргі алмағайып кезеңде көлік-транзит коммуникациясының әлеуетін арттыру және оның мүмкіндігін барынша пайдалану аса маңызды. Себебі біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тікелей байланыстырады. Бауырлас үш ел (Қазақстан, Әзербайжан, Түркия) арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік дәлізі – соның жарқын мысалы. Сондықтан біз көлік-логистика саласына ерекше мән береміз. Соңғы 15 жылда Қазақстан осы саланы дамытуға 35 млрд доллар қаржы бөлді. Біз көлік бағдарын көбейтуге және логистиканы өзара ықпалдастыруға мүдделіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұл мақсатқа 2025 жылға дейін тағы 20 млрд доллар инвестиция тарту көзделгенін айтып, түркі тілдес халықтардың құрлық ішіндегі көлік-транзит дәліздерін дамытуға айрықша маңызды екенін жеткізді. Әсіресе шекара бекеттерін жаңғыртуға, «цифрлық көлік жүйесін» қалыптастыруға баса мән берді. Президент түркі мемлекеттерінің IT саласындағы қарым-қатынасын жандандырып жөн деп санайды. Оның айтуынша, соңғы кезде геосаяси ахуалға байланысты мәселелер бір-бірінің технологиялық тұрғыдан оқшауланып жатыр. Түркі елдерінің IT саласына қатысты тың тәсілдер әзірлеуі айрықша маңызды. Сонымен қатар Президент «Жасыл экономика» дамытуы аса маңызды міндет ретінде атап өтіп, климаттың өзгеруі көптеген жаһандық сын-қатерлер тудырып отырғанын айтты.

– Әлем елдері соңғы 7 жылда «жасыл» облигацияларға 2,5 триллион доллардан астам қаржы бөлді. Осы ретте мен бұл саладағы капитал нарығын дамыту үшін «Түркі жасыл қаржы кеңесін» құруды ұсынамын. Оны «Астана» халықаралық қаржы орталығының Жасыл қаржы орталығы негізінде ашуға болар еді. Бүгінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы өлемдегі ірі компаниялар арасында танымал болып, жоғары деңгейде мойындалды. Ол жаңа Кеңестің Хатшылығы қызметін атқара алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек Президент түркі мемлекеттерінің білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту қажеттігіне тоқталды. Осы ретте еліміз 2023 жылы Қазақстанда II Түркі университетінің ұйымдастыруды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

### Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 26-сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 26 сессиясы 2022 жылы 16 қарашада сағат 16.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы №64-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. «Жалағаш ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 17 қарашадағы №10-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. Қосымша мәселелер.

2022 жылы 16 қарашада сағат 15.00-де аудандық мәслихат хатшысының кеңесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессия отырысы Aitube.kz платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева

### Құрмет

## Еселі еңбек еленген күн

Әр саланың қызметі қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосады. Экономиканың, әлеуметтік жағдайдың өсуі, сол мемлекеттің өркендетке қадам басуы да сапалы қызмет пен оң нәтижеге байланысты. Мәселен, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын белгілеуде статистика саласының үлесі зор. Себебі статистика – әрбір жетістіктің көрсеткіші.

Жалпы ғалымдардың зерттеу нәтижесі бойынша статистика қоғамдық ғылым ретінде және оның даму процесінің бастамасы XVII ғасырдың аяғында Англияда басталған екен. Статистика тарихының екінші бір бастауы неміс ғалымы Конгрдигтің еңбектерінде қалыптаса бастаған «Мемлекеттану» ғылымында жатқанын айтады ғалымдар. Статистиканың одан кейінгі дамуына да көптеген ғалымдар үлес қосып, статистика қарыштап дами бастаған екен.

Ал бүгінгі күні аталған саланың мемлекет үшін қызметі аса қажет және экономиканың көрсеткіші тікелей байланысты. Салаға қанжыртыр мықты мамандардың сапалы қызметінің арқасында статистиканың бүгінгі жұмысы әжептәуір жүйеленген. Қашанда



еселі еңбекті елеусіз қалдырмайтын мемлекетімізде әр саланың кәсіби мерекесі аталып өтеді. Алпа басында статистика саласының мамандары да кәсіби мерекелері қарсаңында аудан әкімінің қабылдауында болды. Қабылдауда статистика қызметінің маңыздылығы, сала қызметкерлерінің орасан зор еңбегі туралы айтылды.

– Статистика Үкімет үшін ғана емес, қоғам үшін де маңызды. Қазіргі

жағдайда статистика қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерекше орын алады. Ең алдымен, статистикалық ақпарат мемлекеттік шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады және ол әрқайсысымыздың өмір сүру деңгейімізде көрініс табатын болады. Сонымен қатар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын белгілеуде де аталған саланың рөлі зор.

Сіздердің күнделікті тәжірибелеріңіз бен білімдеріңіз – біздің аймақтың тұрақты дамуының кепілі. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, денсаулық, бақыт, табыс және тәуелсіз еліміздің болашағы мен гүлденуіне өлшеусіз үлес қосатын кәсіби саладағы зор табысқа жете берулеріңізге тілектеспіз, – деген аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы статистика саласының қызметкерлерін марапаттап, құрмет көрсетті.

Олардың қатарында сала ардагерлері, статистика саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан қызметкерлер де бар. Мұнан бөлек кездесу барысында аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева статистикалық мәліметтер ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың көрсеткіші екені туралы айта, сала ардагері Сүлу Еспенбет әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, лайықты құрмет көрсетіп жатқан аудан басшылығына алғысын білдірді.

Айта кету керек, еліміздің экономика, халықтың тұрмыс деңгейінің дамуын сипаттайтын ақпаратты жинақтау, талдау сынды жауапты жұмыстарды атқаратын аталған салаға биыл 102 жыл толып отыр. Қазіргі таңда экономикалық, әлеуметтік, демографиялық болып жатқан құбылыстарды, мәліметтерді жинақтап саралауда сапалы қызмет атқарып жүрген сала мамандарының еңбегі аудан дамуына зор үлес қосып отыр деуге болады.

Н.АЛПАСҚЫЗЫ

### Егінжай — 2022

Күзгі науқанды қорытындылағанына айдан аса да «Байтабын» шаруа қожалығының қырман басында біршама жұмыс жүріп жатыр. Көліктен түсе сала алпысқа таяп қалған ағамызды әңгімеге тарттық. Бұл аталған шаруашылықтың бас агрономы Сұлтанбек Үсейінов екен. Аман-саулық сұрасып, жөнімізді айтқаннан кейін шаруашылықтың бүгінгі тынысы халқында екеуара диалог та өрби берді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



## Қамбасы дәнге толған «Байтабын»

Шаруашылық биыл 800 гектарға жуық алқаптан жоңышқа өнімін жиген. Оның 210 гектары жаңа жоңышқа болса, 580 гектар ескі жоңышқаны күтімге алыпты. Ескі жоңышқадан тұқымға 39 тонна дақыл жинап алған. Қазір қырман басында сол өнімнен тұқым дайындап жатыр екен. «Питус» деп аталатын германиялық аппарат күніне 1 тоннадан астам тұқым әзірлейді. Қырманда дәл осындай күріш тазалайтын да заманауи аппарат бар. Ол күніне 90-95 тонна тұқым дайындауға қауһарлы. Германиялық алып аппарат 2018 жылы 48 млн теңгеге сатып алынған.

Қазірдің өзінде қырманда 1000 тоннаға жуық күріш пен 20 тоннадай жоңышқа тұқымы дайын тұр. Сұлтанбек Қабилбекулы келер жылы көктемде «Байтабын» ЖШС 500 тоннадай күріш пен 4 тонна жоңышқа тұқымын себетінін айтады. Ал қалғаны жергілікті шаруашылықтарға сатылады екен. Өнім сапасында мін болмаса керек, бүгінде «Байтабын» ЖШС-да дайындалған жоңышқа және күріш тұқымдары қолдан-қолға тимей өтіп жатыр.

Батыр атындағы ауылға көктемгі науқанның тұсында бір мәрте ат ізін салғанбыз. Ол кезде төраға Болат Ділдәбеков қырман басында екен. Былтыр аяқ судың қат болғанын жеткізген шаруашылық басшысы биыл да бұл мәселенің алдын алу шараларын жасап жатқанын жеткізген. Бүгін агроном берген мәліметтерге сүйенсек,

жұмысында нәтиже бар сыңайлы. «Байтабын» ЖШС биыл 1 100 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Одан бөлек жаңа жоғарыда айтып өткен 790 гектар жоңышқасы тағы бар. Бас-аяғы 2 мың гектарға жуық ауыл шаруашылығы дақылдарының күтіміне 41 диқан жауапты. Еткен еңбек, төккен тердің жемісі болуы керек, биыл «Байтабындықтар» жоңышқаның өр гектарынан 60 центнерден орташа өнім хиса, Сыр салысы себілген алқаптың өр гектарынан 72 центнер орташа өнім алыпты.

Шаруашылық бойынша Жайлау Ниязшаев пен оның көмекшісі Дастан Шайхисламов биыл озаттар арасында көш бастады. Даңғайыр диқандардың ізбасарлары 87 гектар күріштің күтіміне алажаздай жауапкершілікпен қарағаны көрініп-ақ тұр. Кешегі науқан қорытындысымен олар өр гектардан 92 центнерден өнім алған. Салада 20 жылдан астам тәжірибесі бар Жайлау Ниязшаев та биыл аяқ судың айтарлықтай мәселеге айналғанын жасырмады. Десе де ол өріптісі екеуі туындаған мәселеге төтеп беру үшін бойдағы жауапкершілікті есептепті.

– Суды ең көп қажет ететін өнімнің бірі де бірегей – күріш. Тіпті жерге себілгеннен жинап алғанша суда жатады десем, қателеспеймін. Рас, суды ауыстырып тұратын уақыттар болады. Бірақ негізгі қорегі де осы екенін ескерсек, жылдан-жылға күрделеніп отырған аяқ су мәселесінің бізді алаңдатып

отырғанын жасыра алмаймыз. Су келетін арық, каналдарымызды қазу, тазалау жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырамыз. Биыл межелеген өнімнен де жоғары астық алдық. Мұның бәрі маңдай тердің жемісі деп білемін. Шаруашылық бойынша біз диқандардың алды болдық. Бұл жетістікте көмекшіміз де үлкен еңбегі бар. Салада нәтижелі еңбек еткен жұмысшыларға жалақыдан бөлек қосымша сыйақы үлестіріледі. Биыл солардың қатарынан табылғанымызға қуанып отырмыз. Келер жылы да алдымызға жоғары меже қойып, содан шығуға талмай жұмыс жасаймыз, – дейді диқан.

Иә, жалпы аяқ судың мәселесі жергілікті шаруашылықтардың ешқайсысын айналып өткен жоқ. Уақыт өткен сайын мәселе күрделеніп келеді. Егер келер жылы мұндай мәселе қайталанбаса, «Байтабын» ЖШС 1 390 гектарға күріш егуге ниетті. Ротация тәртібі мұны көтергенімен алда аяқ су мәселесі қалай болады? Міне, шаруашылық ұжымы осыған бас қатырып отыр.

Шаруашылық бүгінде 100-ден астам ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. 3 өндіріс бригадасы биыл науқанды оң нәтижемен қорытындылаған. Техникадан да мәселе жоқ, төраға Болат Ділдәбеков «алажаздай бапталған өнім жауын-шашынға қалады» деп уайымдамайды. Себебі ол шаруашылық базасын толық заманауи соңғы

үлгідегі техникалармен жарақтап алған. Ал мұның еңбек өнімділігіне де оң әсері болатынын айтпаса да белгілі.

«Байтабын» ЖШС егінді әртарап-тандыруға да басымдық беріп келеді. Биыл ауыл халқына біршама жер ашып берген еді. Жергілікті тұрғындар қыстай тұтынатын картон-сәбізін, қызылша, асқабағын өздері өсіріп, жинап алды. Болат Ділдәбеков ағамыз бұл жылдағы қалыптасқан дәстүр екенін айтады. Әрине шаруашылық қолға алған бұл бастаманың жергілікті халыққа тиімді екені айтпаса да белгілі. Ал биыл мақсары, соя секілді суды аз қажет ететін дақылдарға да басымдық беріледі екен.

Төрағаның жоспары көп, мақсаты айқын, жұмысы жүйелі. Алдағы уақытта шаруашылықты түрлендіру арқылы кәсіптің көкжиегін кеңейту де ойда жүрген дүние екен. Мәселен осыған дейін егін шаруашылығында өзіндік қолтаңбасын қалдырған «Байтабындықтар» келер жылдан бастап мал шаруашылығын да қолға алмақ ниетте. Әрине бірінші кезекте төрт түліктің басын көбейтуге күш салады. Одан кейін мал басын асылдандыруға кезек беріледі. Осылайша салада табыс сынаған шаруашылық ұжымы табысты еселеуге бел буып отыр.

Айтпақшы алдағы уақытта шаруашылық үлкен күріш ақтайтын заманауи цехты іске қоспақшы. Осылайша өздері күтіп-баптаған өнімді өндіріп нарыққа шығармақ.

Балаларға базарлық



# Бояу кітапша бала болашағы үшін

Биыл «Балалар жылы» деп жарияланғалы балаларға базарлық ретінде біршама шаруа қолға алынды. Әсіресе олардың қатарында балалардың ой-өрісін дамытуға оң әсерін тигізетін жарқын жобалардың көптеп кездесуі қуантады. Сондай игі істің бірін қолға алған «ASU» баспа үйі ЖШС алғаш рет отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығарды. Күні кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада облыстық қоғамдық даму басқармасының қолдауымен, «Қызылорда қаламгерлер қауымдастығының» ұйымдастыруымен «Балапан» телеарнасының «Сиқырлы тас», «Әл-Фараби» мультсериялдар бойынша шығарылған бояу кітапшалардың тұсаукесері өтті.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов қатысып, қолға алынған жобаның маңыздылығына ерекше тоқталды. Бала – елдің болашағы, әр ата-ананың үміті. Балалардың тәрбиесі мен дағдысын қалыптастыру – баршамыздың міндетіміз. Биылғы жылды Президентіміздің «Балалар жылы» деп жариялауы келешек иелеріне жасалған мол жақсылықтың бастауы болды. Бүгінгі игілікті іс те соның бірі. Балалар өзінің жетіске алмаған сөзін сурет өнері арқылы айтады. «ASU» баспа үйі дайындаған кітапшаларда сондай мүмкіндіктер жасалған. Сондай-ақ, балаларымыз екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз туралы мағлұмат алып, ұлы ойшылдың қанатты сөздерін көңіл зердесіне тоқиды. Балаларға базарлық есебінде жасалып отырған «ASU» баспа үйінің өнімдеріне ризашылық білдіремін – деді облыс әкімінің орынбасары. Мұнан соң облыстық мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас

директоры А.Оңғарбаев балаларға арналған бұл жобаның баспа саласында ширек ғасырдан аса тәжірибесі бар «ASU» баспа үйі мен «Балапан» телеарнасының арасында жасалған келісім-шарт негізінде өмірге келгенін айтты. Оз жұмысын 1997 жылы кеңестік цензураға ілігіп, шаң басқан архивте қалған Зейнолла Шүкірөвтің «Жанқожа» романын жарыққа шығарудан бастаған «ASU»-дың осы жолда тынбай еңбектеніп келе жатқанын жеткізді және баспа қызметкерлеріне алғыс білдірді. Ал Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, М.Мөметова атындағы жоғары педагогикалық жоғары колледждің оқытушысы Айнұр Қарамұраева балалардың болашағына бейжай қарамайтын зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп, игі жұмыстар атқаруға ерқашан дайын екенін жасырмады. Ал «ASU» баспа үйі ЖШС директоры Қасымхан Қыдырбаев жарық көрген кітапшалар жайында мәліметтерді

баяндады. Мультсериялдарды сүйікті кейіпкерлер бейнесін кітапшадан көріп, оны түрлі түсті қаламдармен бояйтын балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын артта түсетініне сенім білдірді. Кітапшадан орналасқан QR белгісін сканерлеу арқылы екі мультсериялды да көз келген қолайлы уақытта тамашалауға мүмкіндік қарастырылған. Мультсериялдар кейіпкері мен ондағы оқиғалар бейнеленген бояу кітапшалары балаларға рухани сыйлық болғаны сөзсіз. Иә, «Балалардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген Президент сөзін басты ұстаным еткен «Балалар жылы» да қорытындылайтын уақыт жақындап қалды. Ұрандап, мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуға тиіс болды. Осы орайда Қазақстан

нарығында баспа саласында ширек ғасырдан аса қызмет көрсетіп келе жатқан «ASU» баспа үйі ЖШС мен «Балапан» телеарнасының арасында жасалған келісім-шарт негізінде алғаш рет отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығару қолға алынған болатын. Эфирлік қаралымы жоғары болған 3D форматындағы «Сиқырлы тас» мультсериялының кейіпкерлері алты жасқа дейінгі балаларға арналған. Бұл мультсериял балалардың ой-өрісін кеңейтуде, қиял-ғажайып әлемін дамытуда үлкен маңызға ие. Әлемдік ғылымға екінші өмір сыйлағаны үшін шығыс ғұламалары Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп атаған ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби баба жайында түсірілген «Әл-Фараби» мультсериялының жобасы алты жасқа дейінгі балаларға арналып отыр. Мұнда балалар кейіпкерлерді бояп қана қоймайды, ұлы ойшылдың қанатты сөздерін көңіл зердесіне тоқиды. Көгілдір экраннан тамашалайтын сүйікті кейіпкерлерін бояп отырып, біздің жас достарымыздың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы артады деген ниетпен осындай жоба ұсынылып отыр. Мультсериялдар кейіпкері мен ондағы оқиғалар бейнеленген бояу кітапшалары күнделікті смартфон ұрлап жатқан бала тәрбиесіндегі бос кеңістікті толтырады деген сенімдеміз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

# Баланды аясаң, аяма

Бірде танысыммен жолығып қалып, амандық-саулық сұрасып, азын-аулақ әңгімелескен едік. Үй-жай, бала-шағаның аман-ауақпын сұраумен басталып, әңгіменің ауаны әлеуметтік желінің әлегіне ауды. «Бала-шаға аман ба, өсіп-өніп жатырсындар ма?» деген сауалыма «Иә, аманбыз ғой» деген нәқұрайды жауаптан соң бірер минут үнсіздік орнады аразымызда...



«Не дейің, қазір әлеуметтік желінің әлегі бәрінен басым болып тұр ғой» деп жалғады ол арадағы үнсіздіктен соң әңгімесін. Иә, айдың-күннің аман-ауақпын бауыр еті баласынан айырылып қала жаздаған оның бұлай күрсінетіндей бар екенін түсіндім. Өйткені сол алақандай ғана сымсыз құрылғының кесірінен баласы тоққа түсе жаздапты. Төрттен енді асқан бүлдіршін қит етсе мойны қылқып ата-анасының телефонына қолын созатын көрінеді. Баланың қиылған түрін көрген еке-шеше көңілін қалдырмай қолына ұстап салуды әдетке айналдырыпты. Содан әлі ақ-қараны, жақсы мен жаманды айырып білмейтін бүлдіршін сөзін саусақтары иіліп, алақанына ерөң сыпырған смартфоннан бас алмайды. Тіпті қолына телефон тисе дымын білдірмей, үйде бар-жоғы да байқалмайды. Сонан нә керек, бір күні үйдің үлкендері дастарқан басында отырғанда, ары белдемден қас-қағым сәтте шыққан баланың даусын естіп, тұра жүгіреді. Сөйтсе төменде орналасқан тоқ көзінің жанында бала отыр, сұқ саусағы мен қасындағы үлкен саусағы қызырып, ісініп тұр екен. Дерек баланы көтеріп алып, амандығын тексеріп, су ішкізеді. Жылауын қойған соң үй үлкендері сабырмен ғана баладан не болғанын сұрайды. Баланы шоштытп алмайық деген оймен іштерінен алаңдап тұрса да білдірмей, баласы жағдайды айтып болғанын күтпеді. «Әке, мен жаңа ғана анау тоққа сым тығып көріп едім. Жарқылдамады, мен телефоннан көргенде солай істесе жарқылдайды деген болатын. Мен соны көрейін деп едім, бірақ тоқ жарқылдамай қалды» дейді.

Зерелері зәр түбіне жеткен еке-шеше мән-жайды бірден түсінді. Барлық бөленің бастауы қазір сол сымсыз телефонда. Сол телефонның ішіндегі әлеуметтік желіде. Ондағы шындыққа жанаспайтын, осындай адам өміріне қауіп төндіретін түрлі жалған ақпарат пен кезбелілікке тола видеоларда. Расымен, әлгі баланы күдік сақтапты дейміз. Телефоннан көргенін істеп, саусақтарын күйдіріп алған екен. Мұндай жағдайда өмірмен қоштасу да мүмкін еді. Ондай қайғылы жағдайлар да көз алдымызда болып жатқанын білеміз. Балабақшада, мектептің бастауышы сыныбында оқитын балалардың дені түрлі қауіпті ойындарды ойнайды. Сол ойындардың барлығын қазақшаға аударып, дыбыстайтын, жүргізетін өзіміздің қазақтың бозбалалары, ересек ер балалар. Балабақшада қоршаған ортаны енді танып-білуі керек бүлдіршіндер үйде телефоннан қолына қару алған ойын ішіндегі кейіпкерлерді басқарып отырады. Аяусыз, қанның арасында жүріп талайды жер жастандыратын осындай «супер геройлар» балалар үшін тіпті үлгі тұтатын адамға айналып барады. Теледидарды қоса қалсаңыз да балаңыз қазақ батырлары туралы мультфильмдерді емес, шетелдіктер ойлап тапқан, өмірде болмаған түрлі құбыжық-ерекше күшке ие кейіпкерлерді сұрайды. Бұл жағдай тіпті бәрімізге таныс шығар.

Тағы мысал бұл да ер арасында кезінде даурыға айтылған оқиға болатын. Бойжеткен күндіз-түні телефоннан бас алмайды. Оқиға Қазақстан қалаларының бірінде болған еді. Көмелет жасқа енді толатын қыз ауруханаға есінен танған күйі жеткізілген. Сол қаланың облыстық ауруханасы «Облыстық емханаға көмелеттік жасқа толмаған қыз бала жеткізілді. Денсаулығы қалыпты. Болжам бойынша, телефоны жарылған. Қыз қорқып қалса керек» деп мәлімдеме жасаған еді. Бұл бір дерек қана емес, тағы бірде қуат көзіне қосылған телефонның жанында ұйықтап қалған қыз балда зардап шеккен болатын. Телефон тоқтың күшейіп кетуі салдарынан болуы керек аяқ астынан жарылады. Нәтижесінде қыздың бетін, қолын, жамбасы мен кеудесін күйік шалып, ауыр халде ауруханаға жеткізіледі.

Біз мысал еткен келенсіз оқиғалар тек бұлар емес. Өкінішке орай, телефонның салдарынан, жарылуынан болатын қайғылы жағдайлар көптеп орын алуда. Ал әлеуметтік желінің әлегі бір бөлек мәселе болып тұр. Керектің, керек еместі талғамы жұтудамыз. Сұрыптамай, талғамы, жақсы-жаманды ажыратпай алдына берін ұсына беретін галамтордың пайдасы қандай болса, зияны да соншалықты. Ал әлгіндей оқыс оқиғаларға көбіне ата-аналардың салғырттығы мен селқостығы себепкер болады. Өйткені баланы тынышталса болды деп қолына смартфонды ұстап салу үйреншікті жағдайға айналып қашан «Сақтықта қорлық жоқ» дегенімізбен, өзіміз сақтық шараларын назарға алмаймыз. Біле білсек, баланы тым еркелетіп, бетін қақпай өсірудің де болашағына алып көпер қиындықтары болады. Баланы аяп, көңіліне қарап, ретсіз телефонға телміруіне рұқсат ету ата-ананың салғырттығынан. «Баланды аясаң, аяма» деген сөздің түп-төркінінде үлкен мән жатыр түсінгенге.

Нұр НАУАН

Сайлау – 2022

# Саяси науқанға сегіз-ақ күн қалды

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін айрықша маңызға ие саяси науқанға да 8 күн уақыт қалды. Иә, сегізіндік бұлай бастауымыздың да өзіндік себебі бар. Алдағы сайлауға отандастар бейжай қарамауы керек деп ойлаймыз. Себебі бұл мемлекеттің кемел келешегін қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп білеміз.



сипатын, демократиялық сайлау саласындағы халықаралық қағидаттар мен міндеттемелерге сәйкес болуын қадағалап, сайлау үдерісін ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. – Қазақстанның болашағы мен үшін бәрінен қымбат дейтін көз келген азамат алдағы саяси науқанға бейжай қарамауы керек. Біз алдағы сайлауда белсенділік таныту арқылы мемлекеттің көмел келешегін қалыптастырамыз. Бұл саяси науқанда әрбір сайлаушының

дауысы маңызды рөл атқаратынын естен шығармаған абзал. Өзіміз осыған дейін де Президент сайлауына бірнеше рет барып, өзін қалаған сенім артқан үміткеріме дауыс бердім. Тағы да қайталап айтсам, мемлекет болашағы үшін маңызды шарада қай буын өкілі де белсенді болуы керек. Сенің, менің және оның таңдауы тәуелсіз елдің келешегі үшін маңызды. Ең бірінші рет сайлауға қатысқан кезім әлі есімде. Әкем «Балам, сен де жігіт болдың, биыл бірінші рет сайлауда өз таңдауыңды жасауға мүмкіндік алдың, енді оған бейжай қарама. Әлден қалай қалыптасқан, алдағы уақытта да сол жолмен жүресің» дегені әлі күнге дейін есімде. Содан бері мен бұл саяси науқанға жауапкершілікпен қарап, өз таңдауымды жасап келемін. Алдағы аптаның аяғында өтетін сайлауда да дауыс беруге барамын, – дейді аудан тұрғыны Н.Балғабайұлы.

Иә, бұл саяси науқанға қатысу, қатыспаса, таңдау жасау әрбір азаматтың өз еркі. Өйтсе де, біз үміткерлерді таңдау арқылы кемел келешекке бірге қадм жасайтынмызды ұмытпайық. Сондықтан алдағы саяси науқан барысында мейлінше барлығын сараптап, болашақты бағамдап, белсенді болу арқайсысымызға жүктелген жауапкершілік екенін назарда ұстайық. Себебі бұл сайлауда бір ғана өңірдің емес, тұтас тәуелсіз мемлекеттің болашағы тұр. Осыны қаперден шығармайық. Бұл жолда баршамыздың дауысымыз маңызды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## 2022 жылы 4 тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдау жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдау жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Есжанов Асқарбек Темірбекулы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағанбетов Арнұр Өлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Даринаев Алтынбек Тұрмағанбетұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Еспенбет Жасұлан Ерланұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Қурақбаев Мейрбек Амангелдіұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Автокөлік саны артқан сайын көліктегі өрт саны жоғарылап, мұндай жағдайлар әдеттегі оқиғаларға айналып барады. Егер автокөлікте қосымша бензин құйылған ыдыс, синтетикалық өртүрлі материалдар болса, бірнеше минуттың ішінде-ақ толық жанып кетеді. Кейде сұйық отын құбырына жеткенше сымдар жүйесі бықсып, жалын көрінбей жасырын және кідірген түрде өрт пайда болады. Егер автокөлік көліктер жинақталған орында тұтана, әсіресе көлікті басқа көліктерден алшақтату мүмкін болмаса, онда өрт қауіптілігі жоғарылайды.

# Қауіпсіздікті қатаң сақтаңыз

Аталған мән-жайларды ескеріп, төтенше жағдайлар бөлімі автокөліктегі өрттердің алдын алу шараларын ұсынады. Біріншіден электр тоқ жүйелері және қондырғылары зауыттан шығарылған болуы тиіс. Ал қозғалтқыш пен астыңғы қорғағыш жанармайды таза болуын қадағалап, майдың тегілуіне жол бермеу керек. Автокөлік өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етілуі қажет. Аккумулятордан электр тоғын ажырататын қондырғы ақаусыз жұмыс істеуі керек. Жолаушыларды тасымалдайтын

автокөлік жүргізушісі өрт-техникалық минимумнан өтуі керек. Техникалық қызметті уақытылы жүргізу керек. Қозғалтқышты ашық отпен қыздыруға, қолдан жасалған электр қондырғыларын пайдалануға, жанармай құю станциясында жолаушыларды түсірмей жанармай құюға, автокөлік ішінде темекі шегуге, автокөлік ішіне жанармайдың бос ыдыстарын сақтауға немесе жинауға, аккумуляторды автокөлік ішінде қуаттауға, қозғалтқышты бензин немесе дизель маймен жууға қатаң тыйым салынады.

Қазіргі таңда Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері автокөліктердегі өрттердің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстар жүргізіп, ұнарақтар таратуда. Қайғылы жағдайларға жол бермес үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайық. Өрт болған жағдайда 101 немесе 112 телефон нөміріне хабарласыңыз. Өрт тітіз жау екенін ұмытпаңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



